

Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 397 қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.12.2023 № 1081 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.12.2023 № 1081 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.12.2023 № 1081 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.12.2015 № 1035 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.12.2023 № 1081 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 9 сәуірдегі
№ 397 қаулысымен
бекітілген

Аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеу және келісу қағидалары

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 05.12.2023 № 1081 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.07.2025 № 577 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 44-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу және келісу тәртібін белгілейді.

2-тарау. Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын әзірлеу тәртібі

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын (бұдан әрі – кешенді схема) әзірлеу бойынша тапсырыс беруші (бұдан әрі – тапсырыс беруші) болып табылады. Тапсырыс беруші әзірлеушіні (бас жобалаушыны) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындайды.

3. Кешенді схеманы Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиясы бар жобалау ұйымы әзірлейді.

4. Кешенді схема Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасына және аумақты дамытудың тиісті өңіраралық схемаларына (сол аумақ үшін бар болса) сәйкес әзірленеді.

5. Кешенді схемада сол өңір аумағындағы әлеуметтік-экономикалық, өндірістік-шаруашылық, табиғи-климаттық жағдайлар оның аймақтарға бөлінуі ескерілген мемлекеттік қала құрылысы саясатының мақсаттары айқындалады, сондай-ақ мынадай негізгі бағыттар белгіленеді:

- 1) қоныстандыру жүйесін жетілдіру;
- 2) елді мекендерді, өндірістік, көліктік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды дамыту;
- 3) аумақтарды табиғи және антропогендік, техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау;

- 4) қала құрылысы құралдарымен және әдістерімен экологиялық ахуалды жақсарту;
- 5) тарихи-мәдени мұра объектілерін және (немесе) қорғалатын ландшафтық объектілерді сақтау;
- 6) су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан, сарқылудан қорғау.

Аумақтарды пайдалануға қойылатын шектеулер ескеріліп, аумақтардың функционалдық аймаққа бөлінуі және оларды пайдаланудың қарқындылығы айқындалады.

6. Кешенді схемада сол өңірдегі елді мекендердің, қала маңындағы аймақтардың шекараларын белгілеу, резервтік аумақтарды қоса алғанда, аумақтарды кешенді дамыту үшін ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ аумақтық көліктік жоспарлау мен жол қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар қамтылуға тиіс.

7. Кешенді схеманы жасаған кезде пайдаланылатын арнайы (салалық) немесе қала реттеуші өзге құжаттаманы әзірлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады.

8. Тапсырыс беруші әзірлеушінің (бас жобалаушының) қатысуымен жобалауға арналған тапсырманы жасайды.

Жобалауға арналған тапсырмаға қойылатын жалпы талаптар мен бастапқы деректердің тізбесі сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерде (құрылыс нормаларында және қағидаларында) белгіленеді.

Тапсырыс беруші бұған дейін берілген жобалауға арналған тапсырманы немесе бастапқы деректерді өзгерткен кезде бұл жұмыстарға ақы төлеуді тапсырыс беруші осы уақытқа дейін толық немесе ішінара орындалған жобалау жұмыстарын ескере отырып, қосымша шарт (келісім) бойынша жүргізеді.

9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалған әзірлеуші (бас жобалаушы) кешенді схеманың құрамында арнайы бөлімдерді әзірлейтін жобалау ұйымдары-қосалқы мердігерлер үшін тапсырыс беруші болып табылады.

10. Кешенді схеманы әзірлеу мерзімі, оның құрамы мен мазмұны сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес айқындалады.

11. Кешенді схеманы әзірлеу кезінде әзірлеуші (бас жобалаушы) тиісті облыстың не оның бір бөлігінің аумағындағы тарих, археология, қала құрылысы және сәулет, монумент өнері ескерткіштері орналасқан карта-схемаларды жасайды.

Кешенді схемада тарих пен мәдениеттің жылжымайтын ескерткіштері және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін қорғау аймақтары (қорғалатын аймақтар, құрылысты реттейтін аймақтар және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтары) ескерілуге тиіс. Осы мақсатта жобалардың құрамында орындалатын графикалық

материалдарға ескерткіштерді қорғау аймақтарының қажетті элементтері енгізілуге, ал түсіндірме жазбаларда осы аймақтарда белгіленген режимді қамтамасыз ететін талаптар көрсетілуге тиіс.

12. Қалалар мен ауылдық елді мекендер табиғи жағдайлары қолайсыз аумақтарда орналасқан жағдайда кешенді схеманың құрамында аумақты инженерлік дайындау, аумақ пен көрсетілген елді мекендерді табиғи процестерден де, адамның шаруашылық қызметінен туындаған қауіпті геологиялық және гидрогеологиялық процестерден қорғау жөнінде жобалық шешімдер әзірленеді.

13. Курорттық ресурстары бар облыстар мен аудандарға, курорттық қалаларға және курорттық үлгідегі басқа да елді мекендерге арналған жобалау жұмыстары аумақты функционалдық медициналық аймақтарға бөлу, курорттық және рекреациялық ресурстарды бағалау, сондай-ақ курорттардың белгіленген санитариялық аймақтары жөніндегі материалдарды ескере отырып орындалуға тиіс.

14. Тапсырыс беруші кешенді схеманы әзірлеу барысында жобалау аумағы мен объектілерін зерттеп-қарауға, қосымша бастапқы деректерді жинауға, сондай-ақ аяқталған жобаларды келісуден өткізуде әзірлеушіге (бас жобалаушыға) көмек көрсетеді.

3-тарау. Өңірлер аумақтарының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын келісу тәртібі

15. Тапсырыс беруші кешенді схеманы жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерімен және мүдделі ұйымдармен 10 (он) жұмыс күні ішінде келіседі.

16. Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелері және мүдделі ұйымдар 10 (он) жұмыс күні ішінде келіседі және/немесе тапсырыс берушіге негізделген ескерту береді.

17. Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелері және мүдделі ұйымдар ескерту берген жағдайда тапсырыс беруші 15 (он бес) жұмыс күні ішінде кешенді схеманың пысықталған жобасын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелеріне және мүдделі ұйымдарға келісуге қайта енгізіледі.

18. Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелері және мүдделі ұйымдар ескертулер ескеріліп пысықталған кешенді схеманың жобасын 5 (бес) жұмыс күні ішінде келіседі.

19. Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшелерімен және мүдделі ұйымдармен келісілген кешенді схеманың жобасын тапсырыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде кешенді қала құрылысы сараптамасына енгізіледі.

20. Кешенді схеманың жобасына кешенді қала құрылысы сараптамасы "Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12414

болып тіркелген) бекітілген барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Кешенді қала құрылысы сараптамасының оң қорытындысын алған кешенді схемаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

22. Кешенді схеманы Заңның 21 және 22-баптарына сәйкес тиісті мәслихаттар бекітеді.

23. Кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтпеген және қала құрылысы сараптамасының оң қорытындысын алмаған кешенді схеманың жобасы бекітілмейді.